

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫН БАҒАЛАУ

Шамбыл Қажыкелді Әділханұлы

koden2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Карипова А.Т.

Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық профилі – өнеркәсіп саласы жоғары дамыған әрі өнеркәсіптің ауыр салаларына маманданған өңір. Аталмыш өңір – еліміздің алып индустриалды орталығы болып саналады. Индустриалдық-инновациялық даму әлеуеті зор, республикамыздың ең ірі әкімшілік субъектісі ретінде Қазақстанның ұлттық экономикасына елеулі әсер етеді.

2018 жылғы ресми деректерге сәйкес, өңірлік экономиканың негізін өнеркәсіп саласы құрайды, жалпы өңірлік өніміндегі үлесі – 47,9%. Өнеркәсіп фундаменті – тау-кен, металлургия кешендері болып табылады. Жоғарыда аталғандармен қоса тамақ, фармацевтика, химия, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын шығару дамыды.

Тау-кен өнеркәсібі 2018 жылғы мәлімет бойынша жалпы өңірлік өнімінің 11,5% құрап отыр. Тау-кен саласының жоғары дамуына Қарағанды облысы аумағында орналасқан пайдалы қазбалар кен орындары саны мен шикізаттың мол қоры басты фактор ретінде қалыптасты. Минералды-шикізат базасы мыс, вольфрам, көмір, марганец, қорғасын, темір және сирек кездесетін металдарға бай және де, Қарағанды облысы арқылы Оңтүстік Торғай мұнай-газ белдеуі өтеді, оның ең басты кен орны – Құмкөл, қазіргі таңда Қызылорда облысына ұзақмерзімді арендаға берілген. Қарағанды көмір бассейні Қазақстан Республикасындағы металлургия саласына қажетті кокстелетін көмірдің негізгі жеткізушісі ретінде танымал. Көмір өндіруші негізгі кәсіпорындар: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС, «Шұбаркөл-көмір» АҚ.

2018 жылғы көрсеткіш бойынша өңдеуші өнеркәсіптің ЖӨӨ-нен үлесі 32,1% құрады. Облыс аумағында еліміздегі ең ірі қара металлургия кәсіпорны – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ орналасқан, кәсіпорын республикада болаттың 90% мен шойын, прокаттың 100% өндіреді. Республикамыздың ірі түсті металлургия орталықтары, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС тиесілі Жезқазған және Балқаш мыс қорыту зауыттарында, МООК-99,99% жоғары пробадағы тазартылған мыс балқытылады. Металлургия өндірісі базасында химия өнеркәсібі дамыды. Негізгі өнімдері: азот тыңайтқыштары, күкірт қышқылы, жарылғыш заттар және т.б. Химия өнеркәсібіндегі негізгі өндірушілер: «Теміртау электрометаллургиялық комбинат» АҚ, «Тау-Кен Темір» ЖШС, «Эгофом» ЖШС, «Трек» ЖШС, «Мақсам Қазақстан» ЖШС. Фармацевтика саласында «Фитохимия» АҚ, «Фармация» ЖШС, «Қарағанды фармацевтикалық комплекс» ЖШС, «Қарағанды фармацевтика зауыты» ЖШС кәсіпорындары жұмыс істейді.

Машина жасау өнеркәсібі тау-шахты құрал-жабдықтарын шығаруға маманданған Филиал «Maker» ЖШС, «Құрылысмет» ЖШС, «Казцентрэлектропровод» ЖШС, «КарГорМаш-М» ЖШС компанияларымен көрсетілген. Құрылыс материалдары өндірісінде цемент, болат құбырлар, пластмасса құбырлары, санитарлы-техникалық өнімдер, жылу берудің болат радиаторлары, панельдер, бояғыш заттар, құм, гравий және т.б. шығарылады. Негізгі өндірушілері: «Карцемент» АҚ, «ККК Бетон» ЖШС, «Сантехпром» ЖШС, «Караганданеруд» ЖШС, «Казтрансметалл» ЖШС, «NORD Пром НС» ЖШС, «Карал PLAST» ЖШС, «Завод Металл Профиль» ЖШС. Аймақта құрылыс материалдарын өндіруге қажетті әр түрлі типтегі шикізат қорына мол. Өндірісте металлургияның негізгі өнімдерінің қалдықтары – шлак, қатты қалдықтар – қолданылады [1].

Жоғарыда аталған ірі кәсіпорындар мен өнеркәсіптің өндіруші және металлургиялық кешендері жетілген аймақ міндетті түрде еліміздің макроэкономикалық көрсеткіштеріне үлкен әсер етеді. Осыған байланысты, Қарағанды облысының соңғы 10 жылдағы өнеркәсіптік-экономикалық даму тенденциясын зерттеу қажет.

1-кесте. Қарағанды облысының жалпы экономикалық-өнеркәсіптік даму динамикасы, 2009-2018 жылдары аралығы.

	2009	2010	2011	2012	2013
ЖӨӨ, млн тг.	1 515 792,0	1 872 842,3	2 387 705,2	2 446 510,3	2 621 888,8
ЖІӨ ҚР үлесі, %	8,91	8,58	8,45	7,88	7,28
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың. тг	1 127,8	1 387,7	1 762,1	1 798,5	1 919,1
Жалпы республикалық деңгейден үлесі %	106,71	103,82	103,29	97,36	90,81
Өнеркәсіптік өнім көлемі, млн тг.	808 871	1 032 065	1 325 357	1 336 115	1 324 735
Өнеркәсіптік өнімнің ЖӨӨ үлесі, %	53,36	55,10	55,50	54,61	55,52
Кен өндіру, млн тг.	83 885	88 461	134 426	134 653	193 648
Кен өндіру үлесі, % Өнеркәсіптік өнімнен	10,37	8,57	10,14	10,07	14,61
Өңдеу өнеркәсібі, млн тг.	643 951	843 090	1 055 249	1 050 692	953 510
Өңдеу өнеркәсібі ЖӨӨ үлесі, Өнеркәсіптік өнімнен	79,61	81,68	79,61	78,63	71,97
Басқа салалардың өнеркәсіптік өнім үлесі%	10,02	9,75	10,25	11,3	13,42

1-кестенің жалғасы

	2014	2015	2016	2017	2018	Өзгеріс, %
ЖӨӨ, млн тг.	2 899 976,8	3 107 085,6	3 712 055,9	4 284 362,6	4 734 402,0	312,33
ЖІӨ ҚР үлесі, %	7,31	7,59	7,90	7,87	7,65	85,85
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың. тг	2 110,6	2 248,9	2 682,6	3 100,9	3 432,0	304,30
Жалпы респуб. деңгейден үлесі, %	91,97	96,50	101,62	102,85	101,46	95,08
Өнеркәсіп өнім, млн тг.	1 443 970	1 416 672	1 947 682	2 318 440	2 519 790	391,30
Өнеркәсі өнім. ЖӨӨ үлесі, %	49,79	45,59	52,46	54,11	53,22	99,73
Кен өндіру, млн тг.	281 371	159 862	209 386	287 805	355 035	423,24
Кен өндіру үлесі, % Өнеркәс. өнім.	19,48	11,27	10,75	12,41	14,08	135
Өңдеу өнеркәсібі, млн тг.	956 759	1 062 250	1 530 576	1 802 275	1 935 038	300,49

Өңдеу өнеркәсібі Өнер. өнім, үлесі	66,25	74,98	78,58	77,73	76,79	96,45
Басқа сала. өнер өнім үлесі%	14,27	13,75	10,67	9,86	9,13	91,11

Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметі негізінде автормен құрастырылған [2].

Ендігі кезекте, жоғарыда көрсетілген кестенің 12 категориясына қысқаша талдау қажет. Жалпы өңірлік өнімінің номиналды көрсеткіші 2009-2018 жылдары аралығында, ағымдық цифра базистен 312,3% құрап отыр. Мұндай қарқынды өсімінің факторлары натуралды өсімнен емес, 2012-2015 жылдарындағы 2-мәрте ұлттық валюта девальвациясы мен үздіксіз жүріп жатқан инфляция процесстерінен. Егер де ҚР Үкіметі немесе Қарағанды облысы әкімшілігі аппараты нақты ЖӨӨ көлемін көрсетсе, онда экономикалық-өнеркәсіптік дамудың шынайы бейнесі көрінетін болады.

ҚР ЖІӨ-дегі Қарағанды облысына тиесілі үлес 8,91%-ден 7,65%-ге дейін төмен түсіп, ағымдық көрсеткіш базистің 85,85% шамасын құрады. Бұл мәселеден 2 қорытындыға келуге болады: Қарағанды облысы Кенес Одағы уақытындағыдай жалғыз-локомотивтер статусынан айырылып, өзге аймақтардың дамуын көрсетеді. Бірақ, осымен бірге бұл Қарағанды облысының экономикалық-өнеркәсіптік өсімі ҚР жалпы мемлекеттік деңгейімен пропорционалды болмағанын көрсетеді. Соңғы 10 жылда облыс ешқандай биік экономикалық жетістіктерге жеткен жоқ. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ ағымдық көрсеткіші базистің 304,30% мөлшерін құрайды. Дегенмен, бұл көрсеткіш те девальвация мен инфляцияға өте сезімтал, сондықтан да ресми деректерде номиналды көрсеткіштермен қоса нақты ЖӨӨ, ЖІӨ көрсетілуі тиіс.

Қарағанды облысы жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің жалпы республикалық деңгейімен пропорциясындағы 2018 жыл көрсеткіші базистің тек 95,08% құрады. Экономикалық өсу қарқыны бойынша жалпы мемлекеттік деңгейге ілесе алмаған Қарағанды облысының жан басына шаққандағы ЖӨӨ төмендеуі де күтіледі. Алайда соңғы 3 жылда бұл көрсеткіш жалпы республикалық деңгейден 1-2%-ға жоғары болды.

Өнеркәсіптік өнім көлемін біртекті натуралды мәнге келтіру мүмкін болмауына байланысты, ақшалай формасы қолданылады. Бұл өз тарапынан инфляция, валюта курсы ауытқуы, бағаның күрт қымбаттауы секілді номиналды құбылыстарға өте сезімтал. Соңғы 10 жылда аймақтың өнеркәсіптік өнімі ағымдық көрсеткіші базистің 2009 жылдың 391,30% алды. Бұл өз кезегінде, жоғарыда аталған факторлармен тығыз байланысты.

Қарағанды облысында өнеркәсіптік өнімінің ЖӨӨ-дегі үлесі 2018 жылғы көрсеткіші 2009 жылдың 99,73% құрап отыр. Соңғы 10 жылда ЖӨӨ-дегі диверсификациялы мамандандыру өтілмеген. Облыс әлі күнге дейін толыққанды индустриялы аумақ ретінде өмір сүріп келеді. Бұл Ұлттық Стратегия «Қазақстан-2050» бағдарламасы бойынша айтылған постиндустриалды экономикаға көшу мақсатына қарама-қайшы.

Кен өндірудің базистің ағымдық көрсеткіші пропорциясы 423,24% көрсетті. Бірақ бұл маңызды көрсеткіш емес, бұл көрсеткіш те бағаға сезімтал. Кен өндірудің өнеркәсіп өніміндегі үлесі 10,37%-ден 14,08% ге өсіп, ағымдық көрсеткіш базистен 135% құрады. Кен өндіру дегеніміз өндіруші өнеркәсіп болуына байланысты, аталған көрсеткіш облыс экономикасындағы өнеркәсіпте «өндірушіден-өңдеушіге» емес, керісінші «өңдеушіден-өндіруші» атты негативті-регрессиялы процессті бейнелейді. Соңғы 10 жылда Республиканың алға қойған мақсаттарының бірі болып табылатын өңдеуші өнеркәсіпті дамыту қағидасымен сәйкес келмейді.

Өңдеу өнеркәсібі өнімінің ағымдық номиналды пропорциясы базистің 300,49% құраған. Кен өндіру өнеркәсібіне кері процесс аталған салада жүріп жатыр. Соңғы 10 жылдағы пропорция бастапқының 96,45% құрады. Облыс өнеркәсібіндегі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі төмендеуі айқын байқалады.

Басқа салалар – ауыл шаруашылығы, су-электр жабдықтау, қызмет көрсету – бойынша үлес пропорциясы 91,11% көрсетіп отыр. Бұл аймақ экономикасында

диверсификацияның тиімсіз жүруін, тіпті монопрофилизацияның анық белгісін байқаймыз. Тек өнеркәсіпке шектелмей, қызмет көрсету, электр-сумен жабдықтау салаларының өзі өнеркәсіптік дамудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Себебі бұл салалар өнеркәсіп дамуының тікелей қатысты факторлары.

Қорытындылай келе, келесі тұжырымдарға келдім. Қарағанды облысының экономикалық және өнеркәсіптік дамуы соңғы 10 жылда кері динамика көрсетіп отыр. Бұл процеске бірнеше факторлар – бағаға сезімталдылық, жергілікті басқару органдарының тиімсіз қызметі, өңірлік даму саясатындағы өрескел қателіктер, Үкімет пен жергілікті халық арасындағы тығыз диалогтың болмауы әсер етті. Дегенмен, бұл мәселенің де шешу жолы бар. Ол үшін ең алдымен, өңірлік даму саясаты концепциясын түбегейлі өзгертіп, жалпылама экономикалық индикаторлардан әр өңір мамандану мен даму потенциалына сәйкес таргеттеу және оны әр 1,3,5,10 жылдық кезеңдерде бақылау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қарағанды облысы әкімдігі сайты [Электрон.ресурс]. – URL: <https://karaganda-region.gov.kz/kk/> (дата обращения: 03.03.2020).
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті сайты [Электрон.ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/> (дата обращения: 03.03.2020).